

Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

« 03 » 01 2007ж

1999 жылы аудандық киножүйесі мекемесі аудандық мәдениет бөліміне қосылды.

Кинотеатр « Самал » Сырым аудандық киножүйесі болып құрылып, аудандық мәдениет бөлімінің 06.09.99 ж № 53 бұйрығымен мәдени демалыс орталығының құрамынан шығарылды.

18.08.99 жылы Сырым аудандық мәдениет бөлімінің « Сырым аудандық киножүйесі » мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып құрылды. Аудандық киножүйесі мекемесінің қызметіне аудан халқын кино көрсетумен қамтып, кино өнерін халық арасында насихаттау кіреді.

Мекеме құрамы: директор, есепші, 3 киномеханик.

БҚО әкімдігінің 16.01.06 жылғы № 11 « Кейбір мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру туралы » қаулысымен Сырым аудандық мәдениет бөлімінің « Сырым аудандық киножүйесі » мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Сырым аудандық демалыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына қосылды.

Биылғы жылы ғылыми-техникалық сараптауға 2000-2005 жылдардағы құжаттары түсті. Нәтижесінде мына тізімдемелер құрылды:

Тұрақты сақталатын істердің № 1 тізімдемесіне 2000-2005 жылдардағы 18 /он сегіз/ іс енгізілді. Олар: жылдық жұмыс жоспарлары, шығындар сметасы және штат кестелері, жылдық бухгалтерлік есептер. № 1 ж тізімдемесіне 1995-2005 жылдардағы 19 іс бұйрық кітаптары, еңбек ақы төлеу ведомостары кірді.

Сақталу мерзімі өткен тарихи құндылығы жоқ 21 іс көлеміне акт жасалды. Мекемедегі құжаттар мемлекеттік тілде жүргізеді. Мұрағатқа тапсыруға әзірленген құжаттардың жай – күйі қанағаттанарлық.

Киножүйесінің директоры : *Л.Жұмағали*

Л.Жұмағали

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым
Филиалының директоры :

Ғ.Рамазанов

Ғ.Рамазанов